


**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ  
МИНИСТРЛІГІНІҢ «ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**


Ғылыми кеңестің  
шешімімен бекітілген  
29.01.2021 ж. №5 хаттама

Ғылыми кеңестің  
Төрайымы

Мусахаджаева А.К.




**ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 29.01.2021
	<b>ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ ТУРАЛЫ          ЕРЕЖЕ</b>	1 бет

### Мазмұны

1	Жалпы ережелер	2
2	Элективті пәндер каталогының (ЭПК) атқаратын қызметі	4
3	Элективті пәндер каталогының құрылымы	5
4	Қорытынды ережелер	6

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 29.01.2021
	<b>ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	2 бет

## 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Элективті пәндер каталогы туралы осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – Университет) оқу процесін ұйымдастыруда элективті пәндер каталогын құру, бекіту және қолдану тәртібін анықтайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:


- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген оқитудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына.

1.3 Құжатта қолданылатын негізгі терминдер мен анықтамалар 1.1 кестеде келтірілген.


1.1 кесте

### Терминдер мен анықтамалар

Термин	Анықтама
1	2
<i>Академиялық кредит - Credit, Credit-hour</i>	Білім алушының және/немесе оқытушының ғылыми және/немесе оқу жұмысы көлемінің (жүктемесінің) бірегейленген өлшем бірлігі
<i>Академиялық дәреже – Degree</i>	Білім беру бағдарламаларын талап етілетін көлемде игерген және қорытынды аттестация нәтижелері бойынша оң баға алған білім алушыларға тағайындалатын дәреже
<i>Білім алушылардың қорытынды аттестациясы – Qualification Examination</i>	Оқу пәндерінің және/немесе модульдердің және білім алу бағдарламаларында қарастырылған оқу қызметінің басқа түрлерінің көлемін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау рәсімі
<i>Қорытынды бақылау- Final Examination</i>	Оқу пәні бағдарламасын игеру сапасын бағалау мақсатында аралық аттестация кезеңінде өткізілетін білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылау

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 29.01.2021
	<b>ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	3 бет

<b>1</b>	<b>2</b>
<i>Элективті (таңдалған) пәндер каталогы - Catalogue of Disciplines on a Choice</i>	Элективті оқу пәндерінің мазмұнамасы берілген жүйеленген тізбесі. Ол оқытудың жеке траекториясын өзіндік, жедел, икемді және жан-жақты қалыптастыру мүмкіндігін құру мақсатында жасалған
<i>Оқытудың кредиттік технологиясы</i>	Білім алушылардың академиялық кредиттерді жинақтаумен оқу пәндерін және/немесе модульдерін таңдауы және реттілігін өзіндік жоспарлауы негізінде оқуы
<i>Пәннің сипаттамасы – Course Description</i>	Пәннің мақсаттары, міндеттері мен мазмұны кіретін, пәннің қысқаша сипаттамасы
<i>Тіркеуші офис</i>	Білім алушының оқудағы жетістіктерінің бүкіл тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды және академиялық рейтингті есептеуді қамтамасыз ететін академиялық қызмет
<i>Постреквизиттер– Postrequisite</i>	Оқу үшін белгілі бір пәнді және/немесе модульді оқуды аяқтағаннан кейін иеленетін білім, іскерлік, дағдылар мен біліктілік қажет болатын пәндер және/немесе модульдер, оқу жұмысының басқа да түрлері
<i>Пререквизиттер- Prerequisite</i>	Оқитын белгілі бір пәнді және/немесе модульді игеру үшін қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен біліктіліктен тұратын пәндер және/немесе модульдер, оқу жұмысының басқа түрлері
<i>Оқытудың нәтижесі - Result of Educating</i>	Білім алушының оқу қызметінің белгілі бір түріне қатысу барысындағы оқып-үйрену көрсеткіштері. Біліктілік деңгейін білдіру құралы ретінде орын алады, білім алушының пән бағдарламасын аяқтағаннан кейін әңгімелеу, көрсету арқылы білгенін тұжырымдауы
<i>Үлгілік оқу жоспары</i>	Білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасының оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды оқу тәртібі мен бақылау нысанын реттейтін құжат
<i>Эдвайзер- Advisor</i>	Оқу траекториясын таңдауда, жеке оқу жоспарын құруда және білім беру бағдарламасын игеруде септестік ететін білім алушының академиялық тәлімгері ретіндегі оқытушы

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 29.01.2021
	<b>ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	4 бет

<b>1</b>	<b>2</b>
<i>Элективті (таңдалған) пәндер</i>	Өңірлік қажеттіліктерге, Университет оқытушыларының ғылыми және шығармашылық зерттеулерінің бағыттарына сәйкес білім алушылардың біліктілігін таңдалған бағытта тереңдетуге мүмкіндік беретін, белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау бойынша компонентке және жоғары оқу орнының компонентіне кіретін оқу пәндері

1.4 Элективті пәндердің каталогын (ЭПК) әзірлеу бойынша жалпы басшылықты оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор іске асырады.

1.5 ЭПК дайындау бойынша қызметті үйлестіруді Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет іске асырады.

## **2 ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫНЫҢ (ЭПК) АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ**


2.1 Университет оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру Қағидаларына сай жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша дайындықты (бакалавриат, магистратура, докторантура) іске асырады.

2.2 Оқытудың кредиттік технологиясы таңдалған білім беру бағдарламасын (БББ) игеру үшін жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) қалыптастыруда білім алушының тікелей қатысуын қарастырады.

2.3 Білім алушы үлгілік оқу бағдарламасы және элективті пәндер каталогы (ЭПК) негізінде эдвайзердің көмегімен ЖОЖ құрады. Эдвайзерлер білім алушыға жеке оқу жоспарын құруға көмектеседі, бұл жоспарда еңбек нарығының қажеттіліктері, жұмыс берушілердің талаптары және білім алушылардың мүдделері бейнеленуі тиіс.

2.4 ЭПК әрбір білім беру бағдарламасы бойынша бітіретін кафедралармен әзірленеді, ол таңдау бойынша компонентке кіретін барлық пәндер тізімінен тұрады, оған оқу мақсаты, мазмұны және күтілетін нәтижелердің (алатын білімнің, іскерліктің және біліктіліктің) қысқа сипаттамасы қоса беріледі. Білім алушының пәндерді таңдауда жақсы бағдарлануы үшін ЭПК-да барлық оқу пәндерінің пре- және постреквизиттері бейнеленеді.

2.5 Білім беру бағдарламаларының ЭПК өндірістің нақты қажеттілігіне мейлінше жақын, икемді бағдарламаларды құруға арналған. ЭПК жұмыс берушілердің ұсыныстарының және мемлекеттік аттестациялық

 ҚАЗАҚҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 29.01.2021
	<b>ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	5 бет

комиссиялардың есептерінің негізінде еңбек нарығының заманауи талаптарын ескерумен жыл сайын жаңартылады.

2.6 ЭПК пәндер саны білім алушыларға өздерінің дайындық бағытында жеке білім алу траекториясын құру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы тиіс.

2.7 ЭПК білім алушының оқуға түсетін жылы белгілі бір мамандық және/немесе білім беру бағдарламасы бойынша барлық оқу кезеңіне құрылады.

2.8 Мамандықтың және/немесе білім беру бағдарламасының ЭПК бітіретін кафедраның жиналысында, факультеттің оқу-әдістемелік комиссиясында талқыланады және бекітуге ұсынылады.

2.9 Элективті пәндер каталогы (ЭПК) Университеттің Оқу-әдістемелік кеңесінде (ОӘК) бекітіледі.

### **3 ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**


3.1 ЭПК әрбір мамандық және/немесе білім беру бағдарламасы үшін құрылады.

3.2 ЭПК-да келесі ақпарат болады:

- Университеттің атауы;
- Оқу кезеңі - бакалавриат, магистратура немесе докторантура;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің әрекет ететін классификаторына сәйкес келетін мамандықтың және/немесе білім беру бағдарламасының атауы және шифрі;
- Осы ЭПК әзірленетін оқуға түсу жылы;
- ЭПК Университеттің Оқу-әдістемелік кеңесінде бекітілуі, хаттамасы мен күні көрсетілуімен;
- Оқу-әдістемелік кеңестің төрағасының қолы;
- Мөр.

3.3 ЭПК кесте түрінде болады, онда көрсетіледі:

- оқу пәнінің атауы;
- кредиттер саны;
- пәннің циклі:
  - жалпы білім беру пәні (ЖББП);
  - негізгі пән (НП);
  - бейіндік пән (БП);
- пәнді оқу мақсаты;
- негізгі бөлімдерінің қысқа мазмұны;
- бақылау нысаны;
- пререквизиттер;
- постреквизиттер;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 29.01.2021
	<b>ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	6 бет

– оқытудың күтілетін нәтижелері:

- күтілетін нәтиже;
- біліктіліктер.

3.4 ЭПК-да білім алушыға элективті оқу пәндеріне баламалы таңдау мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс. Әрбір блокта кемінде, 2 элективті пән таңдауы болуы тиіс.

3.5 Әрбір пәннің бірегей атауы болуы тиіс, ол пәннің мазмұнын қысқа және нақты бейнелеуі, білім алушының дайындық деңгейіне (бакалавриат, магистратура, докторантура) сәйкес келуі қажет.

3.6 Пәннің қысқаша мазмұны пәннің мәнін және оның білім беру бағдарламасындағы орнын 4-5 сөйлем арқылы бейнелейді.

3.7 Пәннің көлемі кредиттермен белгіленеді. Бір элективті пәннің кредиттер саны 2-ден 4-ке дейін болуы ұсынылады. Кредиттердің ең жоғары мүмкін саны - 6.

3.8 Бақылаудың ұсынылатын нысаны – емтихан.

3.9 Міндетті түрде пәннің пре- және постреквезиттері анықталады.

3.10 Оқытудың күтілетін нәтижелері білім алушының берілген пәндерді игергенде алатын білімі, іскерлігі, дағдылары мен біліктілігі түрінде болады.

3.11 ЭПК оқу процесінде пайдалануға ұсынатын органдар оған қол қояды:

- факультеттің ОӘК - факультеттің ОӘК төрағасы қол қояды, жиналыс хаттамасының нөмірі мен өткізілген күні көрсетіледі;
- кафедра – кафедра меңгерушісі қол қояды, жиналыс хаттамасының нөмірі мен өткізілген күні көрсетіледі.

3.12 ЭПК мақұлдайды және қол қояды:

- ОӘК басшысы;
- жұмыс берушілер, лауазымы мен жұмыс орны көрсетіледі (1-2 адам);
- студенттер өкілі, курсы, мамандығы/білім беру бағдарламасы көрсетіледі (1-2 адам);
- Академиялық мәселелер жөніндегі қызметтің басшысы.

3.13 ЭПК Университеттің ОӘК бекітіледі - Университеттің ОӘК төрағасы қол қояды, жиналыс хаттамасының нөмірі мен өткізілген күні көрсетіледі.

## **4 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

4.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

4.2 Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары бойынша Ғылыми кеңес енгізеді.